



Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1] Баспасөз релиздері
- 7] Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 8] Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 16] Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жетібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады

*«Caspian Media Group» ЖШС
050044, Алматы қ.,
Жібек Жолы даңғылы, 50
Тел.: +7(727) 334 15 26 (27)*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№41 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 2 қараша

«Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан «Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 2 қарашадан бастап «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік, нейзильбер қоспасынан жасалған «Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Павлодар», «Атырау», «Ақтау» ескерткіш монеталарының бет жақтарындағы бейнелері бірдей. Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Айналысқа шығаруға жиек жүргізілген.

«Павлодар» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Павлодар қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Атырау» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Атырау қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Ақтау» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Ақтау қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

Монеталардың бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер мен жазулар бедерленген.

Қыры (гурты) бедерлі.



Монеталар «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, әрбіреуінің таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсініктемесі

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі №1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Әрбір атаудағы ескерткіш монеталардың бір мың данасы жақсартылған сапамен дайындалды және арнайы пластикалық термовакuumды ораумен сатуға арнап шығарылды.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны +7 (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727)330-24 -52;
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz

№42 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 2012 жылғы 8 қараша

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2012 жылғы қазанда 0,7% (2011 жылғы қазанда – 0,2%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,6% (0,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,6% (0,4%-ға), ақылы қызмет көрсету 0,9% (0,3%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2012 жылғы қазанда көп дәрежеде жұмыртқа 5,8%-ға, макарон өнімдері – 2,1%-ға, ұн – 2,0%-ға, май және тоң май – 1,2%-ға, ет және ет өнімдері – 0,5%-ға, оның ішінде қой еті – 0,9%-ға, жылқы еті – 0,8%-ға, шошқа еті – 0,6%-ға қымбаттады. Қант бағасы 1,9%-ға, жарма – 0,4%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киімнің бағасы 0,5%-ға, күнделікті үй заттары - 0,3%-ға, дәрі-дәрмек - 0,1%-ға көтерілді. Бензиннің құны – 2,5%-ға, дизель отынының құны – 5,0%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саласындағы қызметке ақы төлеу 0,9%-ға өсті. Бұл ретте орталықтан жылыту тарифтері 2,0%-ға, үйді жалдау – 1,1%-ға, қоқыс жинау – 0,6%-ға, ыстық су – 0,5%-ға көтерілді. Өткен айда көлік қызметтері 1,9%-ға, білім беру қызметтерінің бағасы – 1,4%-ға, медициналық қызметтер – 0,5%-ға көтерілді.

2012 жылғы қаңтар-қазанда инфляция 4,6%-ды (2011 жылғы қаңтар-қазанда – 6,5%-ды) құрады. Азық-түлік тауарлары 2012 жылдың басынан бастап 3,8%-ға (8,0%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 2,8%-ға (4,4%-ға), ақылы қызметтер 7,5%-ға (6,7%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2011 және 2012 жж. қаңтар-қазандағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2012 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсетуде 5,5%-ды (2011 жылғы желтоқсанда - 7,4%) құрады. Соңғы 12 айда азық-түлік тауарлары 4,9%-ға (9,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,7%-ға (5,3%-ға), ақылы қызметтер – 8,1%-ға (7,3%-ға) қымбаттады.

2. 2012 жылғы 9 айдағы төлем балансы (алдын ала нәтижелер)

Төлем балансын алдын ала бағалау бойынша 2012 жылғы 9 айдағы ағымдағы операциялар шотының профициті 2011 жылғы осындай кезеңімен салыстырғанда 8,6%-ға төмендеп, 10,2 млрд. АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты.

Сауда балансының профициті 35,5 млрд. АҚШ долл. дейін 5,0%-ға (2011 жылғы 9 айда 37,4 млрд. АҚШ долл.) төмендеді, кірістері бар операциялар бойынша ресурстардың нетто-өкетілуі (еңбекке ақы төлеу мен инвестициялық кірістер балансын қоса алғанда) 13,1%-ға азайып, 19,0 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ағымдағы шоттың басқа да құрамдас бөліктері бойынша қызметтердің және трансферттердің теріс дисбалансы тиісінше 5,7 млрд. АҚШ долл. және 0,5 млрд. АҚШ долл. болды.

Капиталмен және қаржымен операциялар шотының теріс балансы (қателер мен жіберіп алуларды қоса алғанда) 2012 жылғы 9 айда 11,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

Шетелге тікелей инвестициялар бойынша нетто-өкетілу 1,8 млрд. АҚШ долл. болды. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза келіп түсуі 9,4 млрд. АҚШ долл. (2011 жылғы 9 айда 12,5 млрд. АҚШ долл.) құрады. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2012 жылғы 9 айда 2011 жылғы 9 айдағы 8,6 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда, 7,6 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша 12,5 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі нетто-өкетілу Ұлттық қордың шетелдік активтерінің 11,9 млрд. АҚШ долл. өсумен және қазақстандық банктердің борыштық міндеттемелерінің 1 млрд. АҚШ долл. жуық төмендеуімен қамтамасыз етілді.

3. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2012 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 29,1 млрд. АҚШ долл. дейін 3,4%-ға азайды (жыл басынан - 0,9%-ға төмендеді), Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 3,5%-ға азайып, 28,5 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан 0,8%-ға төмендеді). Таза валюта қорлары (ЕАВ) 2012 жылғы қазанда 5,2%-ға азайды. Алтындағы активтер әлемдік нарықтарда оның бағасының төмендеуіне қарамастан, жүргізілген операциялар нәтижесінде 3,5%-ға өсті.

2012 жылғы қазанда елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 56,9 млрд. АҚШ долл.) 0,6%-ға 86,0 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғайды (жыл басынан бастап 17,9%-ға өсті).

2012 жылғы қазанда ақша базасы 4,1%-ға тарылды және 2832,5 млрд. теңге (жыл басынан бастап тарылуы – 0,2%) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3,1%-ға 2767,5 млрд. теңгеге дейін тарылды.

2012 жылғы қыркүйекте ақша массасы 1,8%-ға 10514,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (жыл басынан бастап өсуі – 7,8%). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1,2%-ға 1421,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (жыл басынан бастап өсуі – 4,1%), банк жүйесіндегі депозиттер 1,9%-ға 9093,0 млрд. теңгеге дейін өсті (жыл басынан бастап өсуі – 8,4%). Депозиттердің ақша массасы құрылымындағы үлесі 2012 жылғы тамыздағы 86,4%-дан 2012 жылғы қыркүйекте 86,5%-ға дейін өсті. Айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуіне қарағанда, депозиттер көлемінің қарқынды өсуі депозиттер үлесі өсуінің негізгі себебі болды.

Ақша мультипликаторы 2012 жылғы қыркүйекте тіркелген ақша массасының өсу қарқынына қарағанда, ақша базасының кеңею қарқыны жоғары болуы салдарынан 2012 жылғы тамыздағы 3,68-ден 2012 жылғы қыркүйектегі қорытындылар бойынша 3,56 дейін төмендеді.

4. Валюта нарығы

2012 жылғы қазанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 149,86–150,68 теңге ауқымында өзгерді. 2012 жылғы қазанда теңге 0,6% әлсіреді және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 150,77 теңге болды.

2012 жылғы қазанда Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескергенде 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 8,9% ұлғайды және 4,6 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 32,9% төмендеп, 1,5 млрд. АҚШ долл. болды.

Тұтастай алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 6,0% төмендеді және 6,1 млрд. АҚШ долл. болды.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2012 жылғы қазанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 16 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (5,9 млрд. теңге және 1,9 млрд. теңге), 4-жылдық МЕОКАМ (3 млрд. теңге), 5-жылдық МЕОКАМ (7,7 млрд. теңге, 3,3 млрд. теңге, 19,6 млрд. теңге), 6-жылдық МЕУКАМ (5,8 млрд. теңге), 7-жылдық МЕУКАМ (4,6 млрд. теңге, 8,9 млрд. теңге, 10,5 млрд. теңге), 10-жылдық МЕУКАМ (3,7 млрд. теңге және 2,3 млрд. теңге), 20-жылдық МЕУКАМ (0,6 млрд. теңге), 15-жылдық МЕУКАМ (4,8 млрд. теңге), 8-жылдық МЕУЖКАМ (20 млрд. теңге), 12-жылдық МЕУЖКАМ (60 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12-айлық МЕККАМ бойынша – 2,46% және 3,03%, 4-жылдық МЕОКАМ – 5,37%, 5-жылдық МЕОКАМ – 5,58%, 6-жылдық МЕУКАМ – 5,50%, 7-жылдық МЕУКАМ – 6,00%, 6,02%, 6,01%, 10-жылдық МЕУКАМ – 6,35%, 20-жылдық МЕУКАМ – 6,50%, 15-жылдық МЕУКАМ – 6,50%, 8 және 12-жылдық МЕУЖКАМ бойынша инфляция деңгейінен 0,01% болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 5,9%-ға ұлғайып, 2012 жылғы қазанның аяғында 2697,1 млрд. теңге болды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2012 жылғы қазанда 41,2% қысқарып, 11,0 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өтті және олар бойынша тиімді кірістілік 1,05% болды.

Айналыстағы ноттар көлемі 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2012 жылғы қазанның аяғында 21,5% қысқарды және 325,7 млрд. теңге болды.

6. Банкаралық ақша нарығы

2012 жылғы қыркүйекте орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2012 жылғы тамызбен салыстырғанда 37,4%-ға азайып, баламасы 1144,6 млрд. теңге болды.

Орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 50,5% азайып, 234,4 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 20,5%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы қыркүйекте 1,02%-дан 0,83%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2012 жылғы қыркүйекте тамызбен салыстырғанда 198,9 млрд. теңгеге дейін 54,6%-ға азайды.

2012 жылғы қыркүйекте 2012 жылғы тамызбен салыстырғанда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 31,0% азайды және 5,9 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 77,8%) құрады. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы қыркүйекте бұрынғы деңгейде – 0,13% болып қалды.

Еуродалары және рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып қалуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 0,03 және 1,6%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2012 жылғы қыркүйекте орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 74,1%-нан 79,5%-на дейін ұлғайды. Орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі 73,5%-дан 76,3%-ға дейін ұлғайды.

7. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2012 жылғы қыркүйекте 1,9%-ға 9093,0 млрд. теңгеге дейін өсті (жыл басынан ұлғаю 8,4%). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 2,1%-ға 5957,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, жеке тұлғалардың депозиттері 1,6%-ға 3135,1 млрд. теңгеге дейін өсті.

2012 жылғы қыркүйекте шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 0,2%-ға 2827,2 млрд. теңгеге дейін төмендеді, ұлттық валютада – 2,9%-ға 6265,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2012 жылғы тамыздағы 68,2%-бен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 68,9%-ға дейін ұлғайды.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2012 жылғы қыркүйекте 1,6%-ға 3167,0 млрд. теңгеге дейін өсті (жыл басынан бастап өсу 14,8%). Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 2,4%-ға 1847,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 0,4%-ға 1319,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2012 жылғы тамыздағы 57,9%-бен салыстырғанда 58,3%-ға дейін өсті.

2012 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2,3% (2012 жылғы тамызда – 2,1%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,3% (7,8%) болды.

8. Кредит нарығы

2012 жылғы қыркүйекте банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 9531,0 млрд. теңгені құрап, 1,5%-ға ұлғайды (жыл басынан бастап өсу 8,2%).

2012 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 6583,2 млрд. теңгеге дейін 2,8% өсті (жыл басынан бастап – 15,9% өсу), құрылыс (14,4%), өнеркәсіп (12,2%), көлік (3,9%) және ауыл шаруашылығы (3,2%) сияқты салаларға тиесілі. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы тамыздағы 68,2%-бен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 69,1%-ға дейін өсті.

2012 жылғы қыркүйекте ұзақ мерзімді кредиттеу 7739,9 млрд. теңгеге дейін 1,7% өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 1791,2 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға ұлғайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы тамыздағы 81,0%-бен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 81,2%-ға дейін өсті.

2012 жылғы қыркүйекте заңды тұлғаларға кредиттер 6835,7 млрд. теңгені құрап, 1,3%-ға өсті, жеке тұлғаларға – 2695,3 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 2012 жылғы тамыздағы 28,1%-бен салыстырғанда 2012 жылғы қыркүйекте 28,3%-ға дейін өсті.

2012 жылғы қыркүйекте шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1402,3 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды, бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,7% құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,8%), құрылыс (14,4%), өнеркәсіп (12,2%), көлік (3,9%) және ауыл шаруашылығы (3,2%) сияқты салаларға тиесілі.

2012 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,0% (2012 жылғы тамызда – 11,2%), жеке тұлғаларға – 21,1% (20,5%) құрады.

9. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындары мониторингінің 2012 жылғы 3-тоқсандағы нәтижелері туралы

2012 жылғы қазанда экономиканың нақты секторындағы ахуалды бағалау мақсатында 2012 жылғы 3-тоқсан бойынша кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2012 жылғы 2-тоқсан бойынша пікіртерімен салыстырғанда 2437-ден 2491-ге дейін, оның ішінде орташа және ірілері – 1480-нен 1506-ға дейін өсті.

2012 жылғы 3-тоқсанда теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатысы бойынша өзгеруінен шаруашылық қызметіне теріс әсерді сезінген кәсіпорындардың үлесі өсті (тиісінше 16,1%-ға, 11,2% және 12,7%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі осы валюталарға қатысты теңге бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметіне әсерін байқаған жоқ (тиісінше 59,7%, 62,7% және 62,3%).

2012 жылғы 3-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі шамалы азайды (2012 жылғы 2-тоқсандағы 21,5%-дан 20%-ға дейін), сондай-ақ банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындардың саны шамалы азайды (2012 жылғы 2-тоқсандағы 38,6%-дан 38,3%-ға дейін). 2012 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 22,1%-ы ниеттеніп отыр (3-тоқсанда - 23,2%).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі аздап төмендеді. Меншікті қаражаты есебінен негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландырған кәсіпорындар үлесінің азаюы (2012 жылғы 2-тоқсандағы 61,7-ден 61%-ға дейін) және банктердің кредиттері есебінен негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландырған кәсіпорындар үлесінің азаюы (2012 жылғы 2-тоқсандағы 5,6-ден 5,5%-ға дейін) және инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындар үлесінің ұлғаюы (2012 жылғы 2-тоқсандағы 32,9%-дан 33,4%-ға дейін) осыны көрсетеді. Бұл ретте теңгемен берілетін кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің 12,3%-ға дейін төмендеуі және шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің 11,1%-ға дейін аздап көтерілуі байқалады.

Тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша кәсіпорындардың дайын өнімдеріне деген сұраныс елеулі өсті. Сұраныстың өскенін кәсіпорындардың 28,6% (2012 жылғы 2-тоқсанда - 28,2%) атап өтсе, төмендегенін респонденттердің 15,1% (2012 жылғы 2-тоқсанда - 15,9%) ғана атап өтті. Сұраныстың елеулі өсуі ауыл шаруашылығында, өндіру өнеркәсібінде, көлік пен байланыста, құрылыста, «электр энергиясын, газ бен суды өндіру мен бөлу» саласында, «жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау және кәсіпорындарға қызметтер» саласында болды. Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 4-тоқсанда сұраныстың өсуі күтілуде.

Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсуі қарқыны 2012 жылғы 3-тоқсанда аздап өсті. Бұл ретте ең көп өсу ауыл шаруашылығында және өндіру өнеркәсібінде күтіледі. Экономиканың басқа салаларында да бағаның өсуі байқалады. Құрылыста және «электр энергиясын, газ бен суды өндіру мен бөлу» және «қонақүйлер және мейрамханалар» салаларында ғана өсудің баяулауы байқалды. 2012 жылғы 4-тоқсанда өндіру өнеркәсібі мен құрылыстан басқасының бағаларының өсуі қарқынының ұлғаюы күтіледі.

2012 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі қарқыны аздап ұлғайды. Іріктеу бойынша тұтастай алғанда шикізат пен материалдар бағасының өсуін атап өткен кәсіпорындардың үлесі 49%-ды құрады және кәсіпорындардың 2%-ы ғана бағаның төмендегенін атап өтті. 2012 жылғы 4-тоқсанда бағаның өсуінің баяулауы күтіледі.

Тұтастай алғанда 2012 жылғы 3-тоқсанда нақты сектордың қаржылық ахуалы біршама нашарлады: төмен рентабельді және шығынды кәсіпорындардың үлесі 22,4%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 21,9%-дан) азайды, тиісінше орташа және жоғары рентабельді кәсіпорындардың үлесі 77,6%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 78,1%-дан) азайды. Бұл ретте сатудың орташа рентабельдігі (салық салынғанға дейін) 40,2%-ға дейін (2012 жылғы 2-тоқсандағы 43,6%-дан) азайды.

№43 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 13 қараша

ҚРҰБ-ның 1993 жылғы үлгідегі номиналдары 1 теңге, 3 теңге, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге банкноттарын қабылдау мерзімінің аяқталғаны туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **2012 жылғы 14 қарашада** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңды және жеке тұлғалардан 1993 жылғы үлгідегі номиналдары 1 теңге, 3 теңге, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге банкноттарды қабылдау және түпнұсқалығын растағаннан кейін қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау мерзімінің аяқталатынын хабарлайды.

1993 жылғы үлгідегі номиналы 1 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 3 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 5 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 10 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 20 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 50 теңгелік банкнот



1993 жылғы үлгідегі номиналы 100 теңгелік банкнот



Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 330-24-52;
E-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

Шетел валюталарының 2012 жылғы ресми айырбастау бағамдары


	01.11	02.11	03-05.11	06.11	07.11	08.11	09.11	10-12.11	13.11	14.11	15.11
Австралия доллары	AUD	156,60	156,46	156,39	156,20	157,06	157,64	157,18	156,88	156,86	157,22
Ағылшын фунт стерл.	GBP	243,00	243,68	242,63	241,29	240,95	241,31	241,04	240,74	239,24	239,01
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
Венгер форинті	HUF	0,69	0,69	0,69	0,68	0,68	0,69	0,68	0,68	0,67	0,67
Дат кронасы	DKK	26,27	26,17	26,05	25,88	25,83	25,95	25,84	25,75	25,63	25,69
Дихрам БАЭ	AED	41,05	41,06	41,07	41,07	41,06	41,01	41,07	41,05	41,05	40,97
АҚШ доллары	USD	150,77	150,82	150,84	150,86	150,82	150,64	150,86	150,79	150,78	150,46
Еуро	EUR	195,99	195,18	194,22	193,04	192,61	193,51	192,68	192,06	191,68	191,54
Канада доллары	CAD	151,13	150,79	151,28	151,48	151,58	152,41	151,45	150,82	150,94	150,40
Қытай юаны	CNY	24,17	24,17	24,17	24,16	24,15	24,13	24,17	24,15	24,22	24,17
Кувейт динары	KWD	537,12	536,54	535,84	535,72	535,77	535,51	535,91	534,91	535,53	534,11
Қырғыз сомы	KGS	3,20	3,20	3,20	3,20	3,19	3,19	3,19	3,19	3,19	3,18
Латвия латы	LVL	281,87	280,60	279,23	277,52	276,94	278,19	276,96	276,07	275,54	275,37
Литва литі	LTL	56,78	56,53	56,28	55,93	55,80	56,07	55,82	55,63	55,54	55,49
Молдова лейі	MDL	12,30	12,29	12,29	12,29	12,28	12,27	12,30	12,28	12,32	12,25
Норвег кронасы	NOK	26,50	26,46	26,43	26,25	26,30	26,42	26,31	26,33	26,15	26,14
Польша злотыйы	PLN	47,45	47,26	47,18	46,87	46,73	47,11	46,40	46,12	45,77	45,90
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,20	40,22	40,22	40,23	40,22	40,17	40,23	40,21	40,23	40,12
Ресей рублі	RUB	4,82	4,81	4,81	4,76	4,78	4,82	4,79	4,78	4,77	4,75
СДР	XDR	231,52	231,60	232,13	231,48	230,62	230,46	230,91	230,35	230,45	229,68
Сингапур доллары	SGD	123,67	123,62	123,43	123,16	123,25	123,38	123,27	123,30	123,31	123,16
Тәжік сомони	TJS	31,68	31,69	31,70	31,70	31,69	31,66	31,70	31,69	31,70	31,62
1 түрік лирі	TRY	84,11	84,09	84,27	84,30	84,84	85,11	84,75	84,28	84,07	83,54
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08
Украин гривнасы	UAH	18,45	18,52	18,52	18,44	18,44	18,42	18,44	18,43	18,47	18,35
Чех кронасы	CZK	7,84	7,78	7,68	7,64	7,63	7,66	7,60	7,55	7,54	7,52
Швед кронасы	SEK	22,77	22,63	22,57	22,48	22,51	22,57	22,55	22,49	22,33	22,19
Швейцар франкі	CHF	162,35	161,60	161,00	160,05	159,68	160,27	159,81	159,28	158,68	159,20
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	17,47	17,41	17,45	17,17	17,28	17,53	17,47	17,31	17,32	17,09
100 Оңтүстік Корея воны	KRW	13,83	13,82	13,82	13,83	13,82	13,88	13,84	13,86	13,86	13,87
1 жапон йенасы	JPY	1,89	1,89	1,88	1,88	1,88	1,88	1,89	1,90	1,90	1,88

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
15.10-19.10	150.26	150.32	-0.02	1227.75
22.10-31.10	150.66	150.58	0.40	815.75
01.11-09.11	150.86	150.84	0,17	1300.20
01.11.2012	150,77	150,84	0,05	124.00
02.11.2012	150,82	150,86	0,03	172.45
05.11.2012	150,84	150,86	0,01	124.25
06.11.2012	150,86	150,88	0,01	294.80
07.11.2012	150,82	150,76	-0,04	138.55
08.11.2012	150,64	150,85	0,14	220.35
09.11.2012	150,86	150,81	-0,03	225.80
12.11-16.11	150.33	150.53	-0.21	1352.65
12.11.2012	150.79	150.82	0.02	216.90
13.11.2012	150.86	150.79	-0.05	218.50
14.11.2012	150.78	150.49	-0.19	427.90
15.11.2012	150.46	150.29	-0.11	238.00
16.11.2012	150.33	150.33	0.00	251.35

* - өткен кезеңге өзгерістер.




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржымінің МБҚ				
10.09-14.09	0.6	99.6	4.86	8.6
17.09-21.09	0.4	95.4	5.58	6.3
24.09-28.09	0.9	93.3	6.09	12.8
01.10-05.10	0.6	56.8	6.09	4.6
08.10-12.10	0.2	90.2	5.58	3.3
15.10-19.10	1.3	79.0	6.01	10.4
22.10-31.10	0.3	90.6	6.50	4.8
01.11-09.11	0.6	100	2.50	9.8
12.11-16.11	2.1	27.1	4.06	4.6
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
27.08-31.08	-	-	-	-
03.09-07.09	-	-	-	-
10.09-14.09	0.23	100	1.05	14.1
17.09-21.09	-	-	-	-
24.09-28.09	0.21	100	1.82	12.5
01.10-05.10	0,22	100	1.05	23.3
08.10-12.10	-	-	-	-
15.10-19.10	-	-	-	-
22.10-31.10	-	-	-	-
01.11-09.11	0.25	99.7	1.05	12.4
12.11-16.11	-	-	-	-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы




Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
31.08.12	2 920 339,51	1 895 731,39	496 797,78	79 410,87	448 399,47
07.09.12	2 870 376,44	1 895 731,39	500 467,41	79 410,87	394 766,77
14.09.12	2 889 002,41	1 897 781,64	509 457,9	79 410,87	402 352,00
21.09.12	2 900 413,31	1 909 181,64	509 468,8	79 410,87	402 352,00
28.09.12	2 961 316,78	1 952 031,64	514 967,79	79 410,87	414 906,48
05.10.12	2 933 583,93	1 956 631,64	521 362,66	85 266,93	370 322,70
12.10.12	2 985 472,60	2 022 115,67	527 714,27	85 266,93	350 375,73
19.10.12	2 987 989,33	2 036 264,46	527 679,01	87 210,96	336 834,90
31.10.12	3 002 754,19	2 049 747,69	547 322,6	79 993,36	325 690,54
09.11.12	3 010 280,63	2 083 733,02	558 493,93	89 810,47	278 243,21
16.11.12	3 013 609,34	2 089 984,83	570 772,17	89 810,47	263 041,87

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ

	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
12.11.2012	2,589
13.11.2012	2,913
14.11.2012	2,615
15.11.2012	3,958
16.11.2012	2,623
эмиссия басынан бері	-5,014
апта үшін	0,034


Қазақстандық еуроноттардың кірістілік динамикасы, %




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %
01.11-02.11	98,4	1 165,4	-76,8	140,0	29,0	-79,8
05.11-09.11	244,6	3 383,0	190,3	403,6	82,3	183,8
12.11-16.11	244,0	2 786,9	-17,6	443,8	89,1	8,3

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі



5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Биржа	Индекс	Тармақтарындағы мәні		Өзгеруі	
		09.11.2012	16.11.2012	кезең үшін	2001 ж. жел. бастап
АҚШ	Dow Jones	12 815,39	12 588,31	-1,77%	24,18%
Жапония	Nikkei 225	8 757,60	9 024,16	3,04%	-14,40%
Германия	DAX	7 163,50	6 950,53	-2,97%	34,70%
Ұлыбритания	FTSE	5 769,68	5 605,59	-2,84%	7,83%
Гонконг	Hang Seng	21 384,38	21 159,01	-1,05%	85,09%

Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы




Бағам	Мәні		Өзгеруі	
	09.11.2012	16.11.2012	Өзгеруі	2001 ж. жел. бастап
USD/JPY	79,49	81,32	2,30%	-37,98%
GBP/USD	1,5897	1,5879	-0,11%	9,41%
EUR/USD	1,2710	1,2743	0,26%	43,91%
USD/RUR	31,51	31,69	0,56%	3,92%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		09.11.2012	16.11.2012	кезең үшін	2001 ж. жел. бастап
алтын	тр.ун.	1731,2	1713,8	-1,01%	519,47%
мыс	метр.тонна	7 568,0	7 595,8	0,37%	420,10%
мырыш	метр.тонна	1 862,5	1 892,3	1,60%	145,27%
мұнай	баррель	109,37	109,67	0,27%	440,25%
астық	тонна	325,55	307,91	-5,42%	205,28%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)
17.09.12-21.09.12								
KZT	54 900 000	0,80	600 000	1,00	0	0	0	0,00
USD	20 000	0,25	388	0,00	1 430 458	0,10	412 109	0,20
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	1 945	0,81
RUR	0	0,00	0	0,00	713 000	5,25	0	0,00
24.09.12-28.09.12								
KZT	23 700 000	0,80	1 100 000	3,50	0	0	0	0,00
USD	162 000	0,63	0	0,00	785 831	0,11	445 000	0,15
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 143 000	6,63	0	0,00
01.10.12-05.10.12								
KZT	44 900 000	0,85	1 100 000	1,00	0	0	0	0,00
USD	3 000	0,40	0	0,00	1 904 757	0,10	60 000	1,75
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 530 000	5,51	0	0,00
08.10.12-12.10.12								
KZT	36 100 000	0,81	1 100 080	1,00	0	0	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	874 491	0,09	32 444	1,01
EURO	0	0,00	0	0,00	32 000	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 483 000	5,78	0	0,00

* - мың валюта бірлігі


Банкаралық ақша нарығындағы теңгелік депозиттер және олар бойынша кірістілік деңгейі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: валютаның түрлері
		(мың бірлік валюта)	бір валюта үшін теңгемен		
17.09.12-21.09.12					
USD	466 219	337 181	72,3	149,85	149,85
RUB	160 416	141 200	88,0	4,83	4,84
EUR	9 725	9 725	100,0	195,31	195,31
24.09.12-28.09.12					
USD	425 605	338 640	79,6	150,04	150,05
RUB	24 845	16 000	64,4	4,82	4,81
EUR	4 672	4 669	99,9	193,79	193,79
01.10.12-05.10.12					
USD	216 349	117 564	54,3	150,21	150,19
RUB	36 730	21 200	57,7	4,83	4,83
EUR	15 924	15 924	100,0	193,78	193,78
08.10.12-12.10.12					
USD	192 135	108 626	56,5	148,70	147,36
RUB	85 242	73 850	86,6	4,84	4,84
EUR	6 050	6 050	100,0	194,30	194,30

* резидент банктердің мәмілелерінің мәмілелердің жалпы көлеміне үлес салмағы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 26 маусым

№197

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы №334 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы №334 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3327 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесінде:

3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы қаулының 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2012 жылғы 16 шілдеде келісілген

* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 13 тамызда №7843 тіркелді

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

20 __ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

бағалы қағаздар туралы есеп

№р/с	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаз түрі	Эмитент елінің атауы	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (данамен)	Бағалы қағаздың номиналды құны/Сатып алу құны ¹	Бағалы қағаздардың сатып алу құны (мың теңге)	Номиналды құнының валютасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары							
1.1.								
...								
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары							
2.1.	Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары							
2.1.1.								
...								
2.2.	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары							
2.2.1.								
2.3.	«Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының облигациялары							
2.3.1.								
...								
3.	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары							
3.1.								
...								
4.	Қазақстан Республикасының резиденттері емес эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары							
4.1.								
...								
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары							
5.1.								
...								

6	Инвестициялық қорлардың пайлары						
6.1							
...							
7	Басқалары						
7.1							
...							
8	Барлығы						

кестенің жалғасы

Баланстық құны (нетто), мың теңгемен							
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар							
Негізгі борыш	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң/Теріс түзету	Әділ құны	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері		Анықтама үшін: уәкілетті органның талаптарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері
					Негізгі борыш бойынша	Есептелген сыйақы бойынша	
10	11	12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар				
Негізгі борыш	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң/Теріс түзету	Анықтама үшін: уәкілетті органның талаптарына сәйкес қалыптастырылған теріс түзету мөлшері
18	19	20	21	22

кестенің жалғасы

Бағалы қағаздардың әрбір лоты бойынша күні		Рейтинг/Листинг	Ескерту
Сатып алу күні	Өтеу күні		
30	31	32	33

Ескерту:

¹ Номиналды құн облигациялар бойынша толтырылады, сатып алу құны акциялар бойынша толтырылады.

3-бағанда бағалы қағаздардың түрлері (мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлері - акциялар, облигациялар (ипотекалық облигацияларды қоспағанда), ипотекалық облигациялар) бойынша деректер көрсетіледі.

32-баған латын әріптерімен толтырылады.

Егер бағалы қағаздар бойынша меншік құқығына шектеулер болса, онда 33-бағанда «иә» деген сөз қойылғаны жөн.

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

(тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер

(тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

(лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы « ____ » _____.

Мер орны

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)
20 __ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

«кері РЕПО» және «РЕПО» операциясы» операцияларының құрылымы туралы есеп

№ р/с	Операция мазмұны	Бағалы қағаз түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Қарсы агент атауы	Номиналды құнының валютасы	Күні	
						операцияны бастаған	операцияны аяқтаған
1	2	3	4	5	6	7	8
1	«Кері РЕПО» операциялары						
1.1.	Тікелей тәсіл						
...							
1.2.	Автоматты тәсіл						
...							
2	«РЕПО» операциялары						
2.1.	Тікелей тәсіл						
...							
2.2.	Автоматты тәсіл						
...							

кестенің жалғасы

Операция мерзімі (күнмен)	Сыйақы ставкасы (пайызбен)	Бағалы қағаздар саны (данамен)
9	10	11

кестенің жалғасы

Операция сомасы (мың теңгемен)	Есептелген сыйақы	Болашақ ақша ағынының дисконтталған (келтірілген) құны/Алу күтілетін құны	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері		Уәкілетті органның талаптарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері	Рейтинг/ Листинг
			Негізгі борыш бойынша	Есептелген сыйақы бойынша		
12	13	14	15	16	17	18
			x	x	x	
			x	x	x	
			x	x	x	
			x	x	x	
			x	x	x	

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

_____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы «____» _____.

Мөр орны

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

20 __ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

екінші деңгейдегі банктердегі салымдардың құрылымы туралы есеп

(мың теңгемен)

№ р/с	Екінші деңгейдегі банктер (екінші деңгейдегі банк) бөлігінде баптардың атауы	Екінші деңгейдегі банктің коды	Салым валютасы	Рейтинг/ Листинг	Салым мерзімі (күнмен)	Салым бойынша сыйақы ставкасы (жылдық пайызбен)	Салым бойынша негізгі борыш сомасы	
							теңгемен	шетел валютасымен
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Талап етуге дейінгі салымдар							
1.1.								
2	Мерзімді салымдар							
2.1.								
3	Шартты салымдар							
3.1.								
4	Барлығы							

кестенің жалғасы

Салым бойынша негізгі борыш сомасы		Дисконт, сыйлықақы	Болашақ ақша ағынының дисконтталған (келтірілген) құны/ Алу күтілетін құны	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері	Уәкілетті органның талаптарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері	Салымның ағымдағы құнының жиынтығы	Ескерту
теңгемен	шетел валютасымен						
10	11	12	13	14	15	16	17

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

_____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы «____» _____.

Мөр орны

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

20 __ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп

№ р/с	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның коды	Баланстық құны (мың теңгемен)		
			Барлығы	Есептелген сыйақы	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған провизия мөлшері
1	2	3	4	5	6
1.	Жай акциялар				
1.1.					
2.	Артықшылықты акциялар				
2.1.					
3.	Салымдар мен пайлар				
3.1.					
4.	Барлығы				

кестенің жалғасы

Саны (данамен)	Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлесі (пайызбен)	Сатып алу күні	Рейтинг/ Листинг	Ескерту
7	8	9	10	11

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер

_____ (тегі, аты, бар болғанда - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы:

_____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20 ____ жылғы « ____ » _____.

Мөр орны

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2012 жылғы 26 маусым

№198

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға
Рұқсат беруге көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидаларын бекіту туралы**

«Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беруге көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 шілдеде №7811 тіркелді

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидалары

Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беруге көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту тәртібін айқындайды.

1. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның ерікті түрде таратуға рұқсатын алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру портфелін табыс еткеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы, ол болмаған кезде – оның орнындағы адам қол қойған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішхатты (бұдан әрі – өтінішхат) береді.

2. Өтінішхат осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынылады.

3. Өтінішхатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының ерікті түрде тарату туралы шешімі;

2) тарату комиссиясының, оның ішінде филиалдарында не өкілдіктерінде құрылатын бөлімшелеріндегі мүшелікке кандидаттардың тізімі;

3) аудиторлық ұйым растаған, сақтандыру портфелін табыс еткеннен кейінгі күні жасалған қаржылық есеп;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелерінің сомасы туралы мәліметтер қамтылған, акционерлердің жалпы жиналысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде тарату туралы шешімді қабылдаған күні жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының тізімі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзі жасаған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерінен тұратын басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру портфелін қабылдау-өткізу актісі (осындай табыстау бар болса);

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелердің жоқ екенін растайтын құжаттар;

7) акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын өз қызметін тоқтатуға дайындықтың мерзімдері мен кезеңдері туралы іс-шаралар (жоспар және кесте) тізбесі.

4. Уәкілетті орган өтінішхатты барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттар пакетін қарау нәтижелері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсатты беру не беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

5. Заңның 68-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тартылады.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру не көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту туралы шешім сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына жазбаша түрде жіберіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешімде бас тарту негіздері көрсетіледі.

7. Ерікті түрде таратуға рұқсат алған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бұрын берілген барлық лицензияларды уәкілетті органға бір апталық мерзімде қайтарады.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті түрде таратуға рұқсат алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және істерін басқару өкілеттіктері өтетін тарату комиссиясын құрады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарын ерікті түрде таратуға
рұқсат беруге көрсетілген
рұқсатты беруден бас тарту
қағидаларына қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетінің
төрағасына

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы ӨТІНІШХАТ

_____ (өтініш берушінің атауы)

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының _____ (өткізілетін орны)

_____ жылғы « _____ » _____ № _____ шешіміне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын _____

_____ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы

ерікті түрде таратуға рұқсат беруді сұрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің барлық кредиторларының талаптарын толығымен қанағаттандыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам)

_____ (қолы)

_____ мөр

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2012 жылғы 4 шілде

№204

**Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидаларын
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ҚР Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 тамызда №7857 тіркелді*

Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидалары

Осы Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі – Заң), «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) жинақтаушы зейнетақы қорын (бұдан әрі – Қор) ерікті түрде таратуға рұқсат беру тәртібін айқындайды.

1. Қор акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) Заңның 45-1-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, оны ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатпен өтініш жасайды.

2. Қордың ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхатына және Заңның 45-1-бабының 1-тармағы екінші бөлігінің 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. Қорды ерікті түрде таратуға рұқсат алу туралы өтінішхат Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

4. Ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қордың басшы қызметкерлері мен акционерлеріне жіберіледі.

5. Қорды ерікті түрде таратуға рұқсат мынадай негіздер:

1) Заңның 45-1-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсыну;

2) берілген құжаттардың Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес келуі;

3) Қордың міндеттемелері бойынша есеп айырысулар үшін қаражатының жеткіліктілігі бойынша беріледі.

6. Қор уәкілетті органның ерікті түрде таратуға рұқсатын алғаннан кейін бұрын берілген лицензиялардың түпнұсқаларын осы шешім күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Комитетке қайтарады.

Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру қағидаларына қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің төрағасына

Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы ӨТІНІШХАТ

_____ (өтініш берушінің атауы)

жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысының _____

_____ (өткізілетін орны)

_____ жылғы «_____» _____ №_____ шешіміне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорын _____

_____ жинақтаушы зейнетақы қорының атауы

ерікті түрде таратуға рұқсат беруді сұрайды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дәйектілігіне, сондай-ақ өтінішхатты қарауға байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың Комитетке уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атаулы тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек):

Жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аталған өкілеттіктерді алуға негіз болып табылған құжатқа сілтеме)

_____ (қолы)

_____ мөр

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2012 жылғы 4 шілде

№205

**Қаржы құралдарымен клиринг қызметі мәселелері бойынша Қазақстан
Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы №58 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7555 тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған, №339-345 (27419) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

мәтін бойынша «сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушы», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушылар», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушының», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың» деген сөздер тиісінше «клирингтік қатысушылардың», «клирингтік қатысушы», «клирингтік қатысушылар», «клирингтік қатысушының», «клирингтік қатысушылардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу ұйымы – орталық депозитарий және (немесе) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын өзге ұйым;

2) клиринг – сауда-саттыққа клирингтік қатысушылардың қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде олардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі;

3) клиринг ұйымы – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі лицензиясына ие ұйым және орталық депозитарий;

4) клиринг ұйымының қағидалары – клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынасының тәртібін айқындайтын клиринг ұйымының ішкі құжаттары;

5) клирингтік қатысушы – клиринг ұйымымен клиринг қызметін көрсетуді жүзеге асыру туралы шарт жасаған және:

қор (және) немесе тауар биржасының мүшесі;

биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының баға белгілеу ұйымының клиенті;

қор биржасын растау жүйесіне қосылған тұлға;

6) таза позиция (нетто-позиция) – осы қаржы құралдарымен мәмілелер нәтижесінде туындаған сауда-саттыққа клирингтік қатысушының және (немесе) оның клиенттерінің талаптары мен міндеттемелерін өзара есепке алу нәтижесінде айқындалатын, қаржы құралдарымен мәмілелердің әрбір сериясы бойынша сауда-саттыққа клирингтік қатысушының позициясы;

7) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.»;

4 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сауда-саттықты ұйымдастырушы бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметін клиринг қызметімен қоса атқарған жағдайында осы Қағидалардың 2-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген бөлімшелердің ұқсас функцияларды жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының бөлімшелерімен қоса атқаруына жол беріледі.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Клирингтік қатысушылар»

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Клирингтік қатысушы мәртебесін алу үшін өтініш беруші клиринг ұйымының қағидаларымен көзделген нысан бойынша жасалған өтінішті және клирингтік қатысушының клиринг ұйымына қаржылық тұрақтылық мониторингін жүзеге асыру үшін клиринг ұйымының қағидаларымен көзделген тәртіпте және мерзімдерде қаржылық тұрақтылықтың халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған қаржылық есеп беруді береді, сондай-ақ мынадай талаптарға сәйкес келетін болады:

1) сауда-саттыққа клирингтік қатысушы мәртебесін алу күнінде және осы күннің алдындағы үш ай ішінде (қаржы ұйымы - Қазақстан Республикасының резиденті үшін) меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативтерді сақтайды;

2) клиринг ұйымының қағидаларымен белгіленген (Қазақстан Республикасының резиденті қаржы ұйымы болып табылмайтын заңды тұлға үшін) меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша талаптарды сақтайды;

3) осы клирингтік қатысушыға рұқсат беру жүзеге асырылатын клиринг ұйымы орталық қарсы агент функциясын атқаратын қаржы құралдары нарықтары бойынша арнайы клиринг (кепілдік) қорларын қалыптастыруға қатысады;

4) клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы құралдарын есепке алу үшін шоттар ашады.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген талаптар қор және (немесе) тауар биржасында жасалатын мәмілелері (өтінімдері) толық алдын-ала қамтамасыз етумен жасалатын (жарияланатын) заңды тұлғаға қолданылмайды.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Клирингтік қатысушының іс-қимылын уақытша тоқтата тұру немесе мәртебесінен айыру негіздемесі мынау болып табылады:

1) уәкілетті орган немесе сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган клирингтік қатысушыға берген лицензияның қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе тоқтату;

- 2) қор және (немесе) тауар биржасындағы мүшелікті уақытша тоқтата тұру немесе тоқтату;
 - 3) қор биржасын растаушы жүйеге қосылған адамды осы растаушы жүйеден уақытша немесе тұрақты ажырату;
 - 4) клиринг ұйымының қағидаларымен белгіленген негіздемелер.»;
- 10 және 11 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Уәкілетті орган осы клирингтік қатысушының атына тиісті хабарлама жіберілген күні клиринг ұйымын клирингтік қатысушы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату жөнінде хабардар етеді.

Клиринг ұйымы осы клирингтік қатысушымен осының алдында жасалған мәмілелерді (осының алдында айқындалған (таза) позиция) орындауға (есеп айырысуды аяқтауға) байланысты қызмет көрсетуді қоспағанда, лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған клирингтік қатысушыға көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап қызмет көрсетпейді.

11. Клиринг ұйымы осы клиринг ұйымы клирингтік қызмет көрсететін мәмілелер бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және сақтауды жүзеге асырады, алшақтық болған жағдайда оларды салыстырады, түзетеді, Қағидалармен және клиринг ұйымының қағидаларымен белгіленген тәртіп пен талаптар бойынша мәміледегі дефолтты реттеу кезінде мәміле тараптарындағы өзгерістерді (деректемелер) немесе өзге де іс-қимылдарды жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1. Клиринг ұйымы осы клирингтік қатысушы атынан (оның ашық позицияларын еріксіз тарату мақсатында) қор және/немесе сауда биржасының сауда жүйесінде клирингтік қатысушымен өтінімдер мен мәмілелер жасау арқылы дефолтты реттеу және/немесе клиринг ұйымының қағидаларымен белгіленген тәртіп пен талаптар бойынша өзге де іс-қимылдар жасау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 16-1 тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Биржалық сауда-саттық жасау кезінде туынды қаржы құралдарымен және (немесе) валютамен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары қор биржасының қағидаларымен анықталады.

Клиринг ұйымы туынды қаржы құралдарымен және (немесе) валютамен мәмілелер бойынша есеп айырысуды (төлемдер) ұйымдастыру үшін клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаржы құралдарын есепке алу үшін шоттар ашады.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Осы Қағидалардың 17-тармағы олардың жасалу күнінде «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша есеп айырысу жүзеге асырылатын сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерге қолданылмайды».

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) жүргізу бұйрығын есеп айырысу ұйымына тапсыру сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сай жүзеге асырылады.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Клиринг ұйымының қағидаларында клиринг ұйымының қызметтерін пайдаланатын субъектілермен клиринг ұйымының өзара қарым-қатынастарының тәртібі мен талаптары айқындалады және оған:

1) сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сауда-саттыққа клирингтік қатысушысының қаржылық тұрақтылығына қолдау көрсету міндетін көрсете отырып, оларға қойылатын талаптар;

2) сауда-саттыққа клирингтік қатысушысы мәртебесін беру (қолданылуын тоқтата тұру, айыру) тәртібі мен талаптары;

3) сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының қаржылық жағдайының мониторингін жүзеге асыру, сондай-ақ сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының клиринг ұйымы қағидаларының талаптарына сәйкес келуі үшін клиринг ұйымы беретін сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының қызметі туралы ақпарат тізбесі, сондай-ақ осы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдері;

4) клиринг ұйымы сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларынан және уәкілетті органнан алған ақпаратқа иелік ету тәртібі;

5) клирингтік қатысушылардың қаржылық жағдайының мониторингін тәртібі, сондай-ақ сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының клиринг ұйымы қағидаларының талаптарына сәйкестігі;

6) арнайы клиринг (кепілдік берілген) қорларын қалыптастыру тәртібі мен талаптары, сондай-ақ клиринг ұйымының жарналары мен алымдарын төлеу тәртібі мен талаптары;

7) клиринг ұйымының резерв қорын құру тәртібі мен талаптары;

8) жасалған мәмілелер бойынша ақпарат жинау, өңдеу және сақтау, алшақтықтар болған жағдайда оны салыстырып тексеру мен түзету тәртібі;

9) клиринг ұйымының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің параметрлерін есепке алу мен растау тәртібі;

10) клирингтік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелерін айқындау тәртібі;

11) клиринг қызметінің нәтижелері бойынша міндеттемелерді орындаудың тәртібі, талаптары мен төсілдері;

12) клиринг ұйымының клирингтік қатысушылардың қаржы құралдарымен мәмілелері бойынша клиринг қызметінің нәтижелері бойынша есептерді беру тәртібі;

13) есеп айырысу ұйымына, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және (немесе) тауар биржасына қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметінің нәтижелері бойынша ақпаратты дайындау және тапсыру тәртібі;

14) клиринг ұйымы мен клирингтік қатысушыларының арасындағы қатынастарды айқындайтын клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру туралы шарттың үлгілік нысандары;

15) клиринг ұйымы есеп айырысу ұйымымен, сауда-саттықты ұйымдастырушымен және (немесе) тауар биржасымен жасайтын шарттың мазмұнына қойылатын талаптар;

16) клиринг ұйымының орталық қарсы агенттің функцияларын орындау тәртібі мен талаптары;

17) айқындалуы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 77-2-бабында белгіленген клиринг ұйымының функцияларын іске асыру үшін қажет ережелер енгізіледі.»;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы №59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7554 тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған, №339-345 (27419) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарында:

мәтін бойынша «сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларының», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушысы», «сауда-саттыққа

клирингтік қатысушыларымен», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушыларына», «сауда-саттыққа клирингтік қатысушысының» деген сөздер тиісінше «клирингтік қатысушылардың», «клирингтік қатысушы», «клирингтік қатысушылармен», «клирингтік қатысушыларға», «клирингтік қатысушыны» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу ұйымы – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айрысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйым;

2) клиринг – қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде клирингтік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру процесі;

3) клирингтік жүйе – клиринг қызметін жүзеге асыруға арналған клиринг ұйымының бағдарламалық-техникалық кешені;

4) стресс-тестинг – клиринг ұйымының қызметіне ықпал ететін клиринг ұйымының қаржылық жағдайына ерекше болатын, бірақ ықтимал оқиғалардың әлеуетті ықпал етуді өлшеу әдістемелері;

5) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті.»;

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 21 тамызда года №7870 тіркелген

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2012 жылғы 4 шілде

№215

**Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға
мамандандырылған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерді бағалауды
және иемденуді жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ Иемденетін (иемденген) күмәнді
және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерді бағалауды және иемденуді жүзеге асыру қағидалары;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерді бағалауды және иемденуді жүзеге асыру қағидаларын, сондай-ақ Иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы №46 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7571 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 12 маусымда №313-317 (27391) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның екінші деңгейдегі банктерден күмәнді және үмітсіз активтерді иемденуі 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асырылады.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 17 тамызда №7865 тіркелген

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерді бағалауды және иемденуді жүзеге асыру қағидалары

Осы Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерді бағалауды және иемденуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның (бұдан әрі – Ұйым) Заңның 5-1-бабының 2-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) күмәнді және үмітсіз активтер – қарыздардың Иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптардың 2-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкестігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №296 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4580 тіркелген) (бұдан әрі – №296 ереже) сәйкес «5-санатты күмәнді» немесе «үмітсіздер» ретінде жіктелген қарыздар (бірыңғай сипаттағы қарыздар тобы) бойынша талап ету құқықтары;

2) банк – жарғылық капиталдарындағы қатысу не орналастырылған акциялары үлестерінің елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Үкіметіне не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда, екінші деңгейдегі банк;

3) баланстық құн – негізгі борыштың, есептелген сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл), сыйлықақының немесе дисконттың жиынтық құны;

4) күмәнді және үмітсіз активтердің дисконтты қолданғандағы құны – тәуелсіз бағалаушы айқындайтын, Ұйымның тәуекелдерімен және шығыстарымен байланысты дисконттың шегергендегі құны;

5) дисконт Ұйымның тәуекелдері мен шығыстарын, оның ішінде:

қамтамасыз етудің (құнсызданудың) құнын төмендету тәуекелдерімен;

иемденетін активті бағалау шығыстарымен;

қамтамасыз етуді ресімдеу және өткізу, оның ішінде сот арқылы және соттан тыс өткізу, мемлекеттік баж салығын төлеу, соттан тыс өткізу кезіндегі аукциондық алым шығыстарымен;

консультанттардың заң қызметтеріне (тартуға) жұмсалатын шығыстармен;

кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде кепіл мүлкін сақтандыру және күзету қызметтерінің ақысын төлеу шығыстарымен;

мүлікті күтіп ұстау, оның ішінде коммуналдық қызметтердің, мүлік және жер салығын төлеу шығыстарымен;

бағалы қағаздарды эмиссиялау шығыстарымен;

сенімгерлік басқару шығыстарымен;

күмәнді және үмітсіз активтерді иемдену шығыстарымен байланысты тәуекелдері мен шығыстарын құрайды.

2. Ұйым иемденетін күмәнді және үмітсіз активтердің құны мына тәсілдердің бірімен анықталады:

1) күмәнді және үмітсіз активтердің дисконтты қолданғандағы құны бойынша;

2) шартты жасау күнгі осы актив бойынша қалыптастырылған провизияларды есептегендегі күмәнді және үмітсіз активтің баланстық құны бойынша;

3) шартты жасау күнгі күмәнді немесе үмітсіз активтің баланстық құны бойынша.

Ұйым иемденетін күмәнді немесе үмітсіз активтің құнын айқындау тәсілін таңдайды.

3. Егер Ұйым жүргізілген тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Ұйымның сатып алуына банк ұсынған күмәнді және үмітсіз активтердің Қағидалардың талаптарына сәйкессіздігін белгілесе, банк осындай бағалауды жүргізу шығыстарын өтейді.

4. Осы активтер бойынша қалыптастырылған провизияларды есептегендегі күмәнді және үмітсіз активтерді баланстық құны бойынша иемденген кезде, олардың құны Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – ХҚЕС) және №296 ереженің талаптарына сәйкес осы активтер бойынша қалыптастырылған провизиялардың ең көбін шегергенде баланстық құн ретінде айқындалады.

5. Осы активтер бойынша қалыптастырылған провизияларды есептегендегі күмәнді және үмітсіз активтерді дисконт қолданылған құны бойынша не баланстық құны бойынша иемденген кезде, Ұйым иемденген күмәнді және үмітсіз активтердің құнын қалпына келтіруден түскен кірісті алады не иемденген күмәнді және үмітсіз активтер құнының түсуінен болған шығыстарды толық көлемде көтереді.

Осы активтер бойынша қалыптастырылған провизияларды есептегендегі күмәнді және үмітсіз активтерді баланстық құны бойынша иемденген кезде, иемденген күмәнді және үмітсіз активтердің құнын қалпына келтіруден түскен кірістер не күмәнді және үмітсіз активтер құнының түсуінен болған шығыстар Ұйымның күмәнді және үмітсіз активтерін берген банк пен Ұйым арасында Ұйым осы банктің келісімімен айқындайтын арақатынаста бөлінеді.

6. Иемденетін күмәнді және үмітсіз активтерге тәуелсіз бағалау жүргізуді мынадай критерийлерге сәйкес келетін тәуелсіз бағалау компаниясы жүзеге асырады:

мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда) бағалау, сондай-ақ) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтер құнын бағалау бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының болуы;

бағалау қызметі нарығында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мүшелерінің құрамына кіргізілген елде бас офисінің болуы;

Халықаралық бағалау стандарттары саласында халықаралық сертификациясы, сондай-ақ Халықаралық бухгалтерлер федерациясының толық мүшелері болып табылатын шетелдік институттар берген біліктілік куәліктері бар кемінде 3 (үш) маманның болуы.

7. Ұйым банктерден иемденген күмәнді және үмітсіз активтерді басқаруды мына тәсілдердің бірімен:

1) Ұйыммен дербес;

2) күмәнді және үмітсіз активтерін Ұйым иемденген банктермен дербес не Ұйыммен бірлесіп;

3) басқа да қаржы ұйымдарымен, кәсіби сарапшылармен және халықаралық аудиторлармен және аудиторлық ұйымдармен жүзеге асырады.

8. Қарыз алушының төлем қабілетсіздігімен немесе қарыз алушының қарыз бойынша міндеттемелерін орындамауымен байланысты сотта оларға қатысты талқылау жүргізіліп жатқан не сот шешімдері қабылданған күмәнді және үмітсіз активтерді басқаруды Ұйым осы активтерді иемденуге берген банкпен бірлесіп жүзеге асырады.

9. Басқару тәсілін таңдауды Ұйым банкпен келісу бойынша жүзеге асырады.

10. Ұйым өзінің қызметі туралы есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады.

Иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптар

Осы Иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымның (бұдан әрі – Ұйым) иемденетін (иемденген) күмәнді және үмітсіз активтерге қойылатын талаптарды белгілейді.

1. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банк – жарғылық капиталындағы қатысу не орналастырылған акциялары үлестерінің елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі банкті қоспағанда, екінші деңгейдегі банк;

2) күмәнді және үмітсіз активтер – қарыздардың Талаптардың 2-тармағында белгіленген критерийлерге сәйкестігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №296 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4580 тіркелген) сәйкес «5-санатты күмәнді» немесе «үмітсіздер» ретінде жіктелген қарыздар (бірыңғай сипаттағы қарыздар тобы) бойынша талап ету құқықтары;

3) Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингі – Қазақстан Республикасына Standard & Poor's, Fitch Ratings, Moody's Investors Service халықаралық рейтингілік агенттіктері берген рейтингілер;

4) шарт – мәні Ұйымның банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемдену болып табылатын Ұйым және банк арасында жасалатын шарт.

2. Ұйым күмәнді және үмітсіз қарыздар бойынша талап ету құқығын осындай қарыздар бір уақытта мына критерийлерге сәйкес келгенде иемденеді:

1) 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша күмәнді және үмітсіз ретінде жіктелген қарыздар;

2) қарыздар бойынша қарыз алушылар заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының резиденттері) болып табылады;

3) Осы Талаптардың 3-тармағында көрсетілген кепіл түрлерін қоспағанда, кепілмен қамтамасыз етілген, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденттері эмитенттер шығарған және «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ресми тізіміне енгізілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісіне сәйкес келетін немесе одан асатын кредиттік рейтингісі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес эмитенттер шығарған бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген қарыздар;

4) шартты жасау күніндегі негізгі борыш сомасын, есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешектің қалдығы 60 (алпыс) және миллионнан астам теңгені немесе шетел валютасында балама соманы құрайды.

Ұйым:

1) қарыз тұтынушы болып табылған;

2) қарыз тұрғын үй, тұрғын үй кешендерін салуға берілген;

3) Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісіне сәйкес келетін немесе асып кететін кредиттік рейтингісі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес – эмитенттері шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс мүлік және мүлктік құқық не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтық айналымында шектеулі мүлік, сондай-ақ аяқталмаған құрылыс объектілері, қайта салу кезеңіндегі объектілер, жиһаз кепіл мәні болып табылған;

4) қарыз бойынша жалғыз кепіл түрі:

жылжымайтын тұрғын үй;

компьютер жабдығы және техника;

арнайы техника;

айналымдағы тауарлар;

болашақта түсетін мүлік;

жер қойнауын пайдалану құқығы;

авторлық құқық;

лицензиялар;

патенттер;

талап ету құқықтары;

жерді пайдалану құқығы;

жалдау құқығы;

тауар белгісіне арналған құқық;

үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілдемелері болған жағдайларды қоспағанда, банктерден қарыздар бойынша талап ету құқығын иемденеді.

Ұйым:

жылжымайтын тұрғын үйді, кепілдіктер мен кепілдемелерді қоспағанда, осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген, жиынтық мөлшері қамтамасыз етудің жалпы кепіл құнының 10 (он) пайызынан аспайтын кепіл мүлкінің түрлерімен;

қамтамасыз етудің жалпы кепіл құнының 30 (отыз) пайызынан аспайтын мөлшердегі жылжымайтын тұрғын үймен қамтамасыз етілген қарыздар бойынша талап ету құқығын иемденеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 24 тамыз

№234

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және оны жою ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 2 желтоқсандағы №418 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2633 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2004 жылғы 16 қаңтарда №9-10 (23648) жарияланған);

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және одан айрылу ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 2 желтоқсандағы №418 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы №407 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3981 тіркелген);

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта құруға немесе таратуға рұқсат алу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 15 сәуірдегі №101 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4231 тіркелген);

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды алдын ала келісу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 сәуірдегі №173 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7735 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 25 тамызда №551-556 (27629) жарияланған).

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

